

Р.К. Сабирова^{1*} , К.М. Утепкалиева¹ , Ж.У. Сулейменова¹ , А.Р. Тажиденова¹ 

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ДАМУЫНА ЭСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Андатпа.

Білім, кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік-экономикалық даму адами капиталдың тікелей құрамдас бөлігі болып табылады, өз кезегінде адами капитал деңгейі компанияның және бүкіл мемлекеттің құндылығын құрайды. Адами капиталды дамыту инновациялық экономика жағдайында өзекті, өйткені білім инновацияларды үздіксіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада Қазақстанның батысында орналасқан Атырау облысындағы экономикалық өсу жағдайында адами капиталдың дамуы, жұмыспен қамту және табыс деңгейінің әсері қарастырылып, олардың өзара байланысы анықталды. Білімді экономика елдің және оның өңірлерінің инновациялық тұрғыдан дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңыздылығы анықталды.

Мақаланың басты мақсаты өңірдегі адами капиталдың дамуы және оған әсер ететін факторларды қарастыру, адами фактор мен өңірдегі экономикалық өсудің арасындағы өзара байланысты анықтау.

Ғылыми мақалада алдымен адами капитал теориясы қарастырылып, адами капиталдың жинақталуы экономикалық өсу үшін неге маңызды болуы мүмкін екендігі талқыланады. Содан кейін адами капиталдың қалыптасуына әсер ететін факторлар қарастырылады.

Тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық өсуге қолжеткізу үшін адами капиталды дамытуға бағытталған құрылымдық реформалармен сүйемелденетін экономикалық өсуді ынталандыру жөнінде тиісті шаралар бойынша ұсыныстар берілді.

Негізгі сөздер: адами капитал, жұмыспен қамту, жалақы, жұмыс күші, білім, Атырау облысы, экономикалық өсу.

Кіріспе.

Зерттеу тақырыбы өзекті. Әділ Қазақстанның құрылысы қоғамның жоғары білімі мен бәсекеге қабілеттілігін болжайды, қазіргі қоғамның дамуы туралы сындарлы, гуманистік және жалпы адамзаттық идеяны қамтиды. Адами капитал – бұл әлеуметтік коммуникацияның ерекше арнасы, жаңа ойлар мен сезімдерді қалыптастырады, гуманизм идеяларын, күнделікті өмір мен менталитет дәстүрлерін біріктіреді. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың терең қабылдауы мен үйлесімді арақатынасы маңызды. Жаңа экономикалық модель жағдайында адами капиталдың динамикасы инвестициялармен байланысты және қазіргі жаһандану мен геосаясат жүйесіндегі Қазақстанның экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілетті инновациялық дамуының маңызды факторы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына Жолдауында жаңа экономикалық реформа жүргізуде еліміздің экономикалық бағдары 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есе ұлғайту, яғни 450 миллиард доллар көлеміне жеткізу көзделетінін айтқан болатын. Осы межеге жетуде адами капиталдың рөлі жоғары.

Адами капиталды бағалауда түрлі ұстанымдар бар. Елдегі немесе өңірдегі, сала немесе кәсіпорындағы экономикалық өсу адами капиталмен тығыз байланысты. Аталған өзара байланысты үдерістерді зерттеудегі басты мақсат – біріншіден, олардың себептерін анықтау, екіншіден, өңірдегі адами капиталдың дамуын талдау және оның экономикалық өсуге әсерін қарастыру. Адами капиталдың екі рөлін атап өткен жөн:

1) білімді жұмыскерлер өндіріс процесінің өзінде өнім шығаруға тікелей үлес қосатын адами капиталды құрайды;

2) адами капитал, әсіресе жоғары біліммен көрсетілетін, жиынтық факторлық өнімділіктің өсуінде маңызды рөл атқарады. Инфрақұрылымдық капитал ЖІӨ-ге жиынтық факторлық өнімділіктің өсуі арқылы да, тікелей шетелдік инвестиция арқылы да әсер етеді.

Жеке адами капиталдың жинақталуы жеке экономикалық өсуге (кіріске) әкелетіні сияқты, тиісті әлеуметтік немесе ұлттық агрегаттарда да солай болады. Ұлттық деңгейде адами капиталды физикалық капиталмен көрінетін өндіріс факторы ретінде қарастыруға болады. Жиынтық өндірістік функцияның құрылымы адами капиталдың өсуі экономикалық өсудің шарты мен салдары болып табылатындығын көрсетеді. Адами капиталдың қызметі адамдарға қолда бар білімді беру және енгізуді ғана емес, сонымен бірге жаңа білімді өндіруді де қамтиды. Оның таралуы бастапқы географиялық орналасуына қарамастан бүкіл әлемде экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Адами капиталдың жинақталуы экономикалық өсу мен «демографиялық ауысу» арасындағы маңызды байланыс болып табылады.

Әдебиттерге шолу.

Адами капитал – бұл адамның және жалпы қоғамның әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылатын білім, біліктілік, дағдылар жиынтығы. Адами капитал теориясының негізін қалаушылар Т.Шульц пен Г.Беккер адамның өндірістік мүмкіндіктеріне инвестиция салу арқылы алынған барлық нәрсені адам капиталына енгізді және адами капиталға салынған ең маңызды инвестиция – білім беру мен оқытуға салынған инвестиция деп бөліп көрсетті [1].

Экономистер қазіргі экономикалардың өсуінің негізгі факторы физикалық капитал (мысалы, зауыттар мен машиналар) емес, адами капитал – еңбек өнімділігін арттыратын адамдардың білімі, денсаулығы, тәжірибесі мен дағдылары деген қорытындыға келді. Көптеген дамыған елдердің экономикалық саясаты қазір адами капиталға инвестицияларды ұлғайтуға бағытталған, өйткені оның жинақталуы экономикалық дамуға оң әсер етеді.

Флейшер Б. және басқалар экономикасы аз дамыған аймақтардағы адами капиталға салынған инвестициялар тиімділік тұрғысынан негізделген және олар аймақтық теңсіздіктің төмендеуіне ықпал етеді деген тұжырымға келеді. Олардың пікірінше, инфрақұрылымдық инвестициялар дамыған шығыс аймақтарда ішкі аймақтарға қарағанда жоғары пайда әкелсе де, адами капиталға салынған инвестициялар ішкі аймақтарда сәл жоғары немесе салыстырмалы пайда әкеледі.

Шетелдік ғалымдардың 2009 жылдан 2019 жыл аралығында 11 ел бойынша жүргізген зерттеуінде адами капиталдың, табиғи ресурстардың, қаржылық даму, индустрияландыру, техникалық прогресс пен халықаралық сауданың экономикалық өсуге ықпалына талдау жасалып, табиғи ресурстарға жоғары рента осы 11 елдердің экономикалық өсуін тежейтіні, керісінше, адами капиталды дамыту, қаржылық даму, индустрияландыру, технологиялық инновациялар және халықаралық саудаға қатысу экономикалық өсуге оң ықпал ететіндігі анықталды [2].

Білімге негізделген адами капитал қоршаған ортаның жақсаруына, оның сапасына да әсер етеді, өйткені осыған дейінгі зерттеулерде де білім, экологиялық сана мен экологиялық мінез-құлық арасында байланыстың бар екендігі айтылды [3].

Бірнеше регрессия әдістерінің комбинациясын пайдалана отырып, 2007 және 2020 жылдар аралығында Азияның 46 еліндегі адами капиталдың, институционалдық сапаның және Төртінші өнеркәсіптік революцияның жұмыссыздық деңгейіне әсерін зерттеген ғалымдар жұмыссыздық деңгейіне барлығы тоғыз фактор әсер етеді деп негіздейді, соның ішінде жоғары технологиялық экспорт, инфляция, халық, жалпы ішкі өнім, мемлекеттік шығындар, сыртқы қарыз, тікелей шетелдік инвестициялар, адами капитал және

институттар. Олардың жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша жоғары технологиялардың дамуы Азиядағы жұмыссыздықты арттыратыны расталды, дегенмен, адами капитал мен институционалдық жағдайдың жұмыссыздық деңгейімен байланысы нақты салаларға байланысты әр түрлі екендігі анықталды. Сонымен қатар, Төртінші өнеркәсіптік революция аясында Азия елдеріндегі жұмыссыздықты азайту үшін саяси тұрғыдан кейбір ұсыныстар берілген [4].

Қазақстандық ғалымдар Кошанов А.К. және Чуланова А.К. елде адами капиталды дамытуға көп көңіл бөлінетіндігін, бұл оның индустриялық-инновациялық дамудың негізгі қозғаушы күші болып табылатындығына байланысты екендігін айтады. Әлемнің жетекші елдері білім, ғылым, техника салаларын қарқынды дамыту есебінен білім экономикасын дамытуда және табысты қалыптастыруда табыстарға қолжеткізді. Авторлар жиынтық табыс әдісі бойынша Қазақстанның адами капиталының жай-күйіне баға беріп, 2008-2019 жылдары Қазақстанда адами капиталдың орташа құнының өскенін айтты. Осылайша, адами капиталға макро және микро деңгейдегі бағалау нәтижесінде авторлар мемлекет жаңа экономикалық жағдайларда адами капиталды дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау қажеттілігін, атап айтқанда, елдің және оның ішінде адамның қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал ететін мемлекеттік тетіктерді жетілдіру қажеттілігін нақтылады [5].

Бұрын адами капиталға қарағанда материалдық капитал үстем болып, оған басымдық берілгендігі, тек XX ғасырдың ортасынан бастап адамның білім деңгейі мен оның жұмыс қабілеті экономикалық дамудың негізгі себебіне айналғандығы белгілі. Қазақстан Республикасының экономикасын цифрландыру жағдайында адами капиталды басқару тәсілдерін әзірлеуде адами ресурстарын тиімді басқару қағидаттарын жүйелеу қажет [6].

Осы тұрғыдан өңірдегі капиталдың дамуына әсер ететін факторларды қарастыру зерттеудің басты мақсаты. Осы мақсатқа жетуде келесідей міндеттер анықталды: адами капиталдың экономикалық өсумен қалай байланысты екенін қарастыратын зерттеулерге, ғылыми еңбектерге шолу жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Берілген зерттеуде адами капиталдың экономикалық өсумен қалай байланысты екенін қарастыратын зерттеулерге, ғылыми еңбектерге егжей-тегжейлі шолу жасалады. Жақында пайда болған салыстырмалы түрде жаңа теориялық модельдерге ерекше назар аударылады. Ғылыми мақалада алдымен адами капитал қысқаша сипатталған және адами капиталдың жинақталуы экономикалық өсу үшін неге маңызды болуы мүмкін екендігі талқыланады.

Содан кейін адами капиталдың қалыптасуына әсер ететін факторлар қарастырылады.

Зерттеушілер өздерінің ғылыми еңбектерінде ғылым мен прогресс (өнеркәсіптік революциялармен, технологиялар мен зерттеулердің дамуымен ұсынылған) адами капиталдың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларға айналды деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, олар білім беру мен жоғары білікті мамандарды даярлауға, оқытуға инвестиция салудың, сондай-ақ білім беру реформалары арқылы қолжеткізуге болатын кадрлық қауіпсіздік пен еңбек нарығының тұрақты дамуын қолдау маңыздылығын атап өтеді [7].

Мэнкью, Ромер және Вейл теңдеуіндегі тағы бір факторды қарастырады – бұл Тейл индексі, ол елдің немесе аймақтардың тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі тұрғысынан мемлекеттің біртекті еместігінің көрсеткіші деп көрсетілген. Қолданылатын Тейл индексінің коэффициенттері классикалық емес болып табылады. Мемлекеттің біртекті еместігі аумақтардың көлеміне, осы аумақтардың урбанизация деңгейіне және т.б. байланысты халықтың тең емес жағдайынан тұрады.

Лидің әдістемесіне сәйкес, Қазақстандағы жұмыскерлердің әлеуетті еңбек өмірі 15 жастан басталып, 63 жасында (зейнеткерлік жас), олар еңбек нарығынан кетіп, бұдан былай еңбек табысы болмаған кезде аяқталады деп болжанған. Ең алдымен, 60-63 жас

аралығындағы қызметкердің өмір бойғы еңбек табысы осы кезеңдегі табысты тиісті жас тобы мен «білім – табыс» санатына сәйкес табыс мөлшерімен өлшеу арқылы есептелді. Бұдан әрі 55-59 жас аралығындағы соңғы жас тобы үшін қызметкердің бес жылдық кезеңдегі еңбек кірісіне тең жиынтық табысы және келесі үш жылда алынған кірісі (яғни, соңғы жас тобы «60-63») бағаланды, ол дисконтталады және кірістің өсу факторын және өмір сүру ықтималдығын ескере отырып, кері рекурсия тәртібімен түзетіледі және т.б.

Осылайша, әр жас тобы үшін орташа жұмысшының жеке еңбек кірісі есептеледі. Кері рекурсия техникасы белгілі бір жастағы жеке тұлға үшін өмір бойғы еңбек кірісінің (адами капиталдың) ағымдағы құны (біздің жағдайда - белгілі бір жас тобы) ағымдағы кезеңдегі күтілетін еңбек кірісін және кірістердің тиісті өсу қарқынын, дисконт нормасын және өмір сүру ықтималдығын ескере отырып енгізілген кейінгі кезеңдегі күтілетін кірістің ағымдағы құнын құрайтынын білдіреді.

Қазақстандық әріптестеріміз адами капитал мен экономикалық даму арасындағы өзара байланысты көптік сызықтық моделімен көрсеткен. Олардың пайымдауынша, ақпараттық қоғамның дамуымен байланысты экономикалық өсу және адами капиталды дамыту процестерінің қарқын алуы туралы гипотезаны тексеру ішінара ғана расталған. Адами капитал мен ақпараттық қоғамның дамуын сипаттайтын коэффициенттердің мәндері іс жүзінде өзгермеген [8].

Жүргізілген зерттеуде статистикалық мәліметтерді горизонталды және вертикалды талдау әдістері қолданып, кесте нәтижелері бойынша талдау беріледі.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстанның жаңа экономикалық моделін қалыптастыру мен реттеудің нысаналы функциясы экономика мен әлеуметтік саланы тұрақтандырудың жалпы стратегиясымен, тұрақты экономикалық өсу және осы негізде ел халқының өмір сүру сапасын қамтамасыз етумен анықталады. Осы стратегияны іске асыруда нарықтың тиімді жұмыс істеуі жұмыспен қамту саласындағы ахуалды тұрақтандыруға және жұмыссыздықты төмендетуге ықпал ететін ажырамас бөлігі болып табылады (кедейлік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес, жаңа жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды тарату, еңбек нарығындағы шиеленісті төмендету бойынша шұғыл шараларды әзірлеу, елде және өңірлерде жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыру).


2024 жылдың қаңтарында Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатына сәйкес Мемлекет басшысы Қазақстанда әділ және бәсекеге қабілетті экономикалық жүйені құруға бағыт алғанын тағы атап өтті. Тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық өсуге қол жеткізу үшін адами капиталды дамытуға бағытталған құрылымдық реформалармен сүйемелденетін экономикалық өсуді ынталандыру жөнінде тиісті шаралар жүргізу керек.

Атырау облысында 2023 жылдың қаңтар-қазан айлар аралығында өнеркәсіп өнім көлемі 14,1%-ға өскен, бұл 9,1 триллион теңгені құрады. Өңірде 43,9 миллион тонна мұнай өндірілсе, 22,7 миллиард текше метр ілеспе мұнай газы өндірілген. Өңірде мұнай-газ саласына инвестиция тартудан көшбасшы болып, 1 орынды иеленді. Дегенмен, инновациялық өндіріс бойынша жұмыстар жалғасуда, ауыл шаруашылығына көңіл аударылуда.

Атырау облысының адами капиталының даму үдерістері анықталды. Ресми статистика ұсынған көрсеткіштердің шектелуіне байланысты жалпыланған деректер пайдаланылды. Жекелеген жас топтарының жұмыспен қамту деңгейі белгілі бір білім деңгейімен белгілі бір жастағы жұмысшылар санын сол жастағы және білім деңгейіндегі экономикалық белсенді халықтың жалпы санына бөлу арқылы анықталды.

Жұмыспен қамтылған халық білім деңгейіне сәйкес үш топқа топтастырылды: жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар; арнайы білімі бар (кәсіптік орта және кәсіптік

бастауыш білімді қоса алғанда); біліктілігі жоқ жұмыскерлер (бастауыш, негізгі және жалпы орта білімді қоса алғанда).



Сурет 1 – Атырау облысы бойынша білім деңгейі бойынша жұмыспен қамтылған халық, %

Ескерту: Атырау облысының жұмыспен қамтылуы/Статистикалық жинақ қазақ және орыс тілдерінде [9].

1-суретте білім деңгейі бойынша Атырау облысы бойынша білім деңгейі бойынша жұмыспен қамтылған халық 2018 жылмен салыстырғанда 2023 жылы біраз өзгергенін көруге болады. 2018 жылы жұмыспен қамтылған халықтың 34,2 пайызының жоғары білімі болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 15,5 пайызға өскен. Керісінше, техникалық және кәсіби білімі бар жұмыспен қамтылған халықтың саны 29,7 пайызға қысқарған. Білім беру деңгейлері бөлінісінде облыста жоғары білімі бар мамандар талап етілгеннен 2 есе көп дайындалатыны анықталды. Атырау облысында жас топтары бойынша халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі 1-кестеде көрсетілген. Еңбек нарығы білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілген және жоғары білімі бар жас мамандарға жұмыс табу қиынға соғады деп болжауға болады.

Кесте 1 – Атырау облысы бойынша жұмыспен қамту мәртебесі және жас топтары бойынша жұмыспен қамтылған халық, адам

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.*	2022 жылмен салыстырғанда өзгеріс, %
Атырау облысы бойынша барлығы							
Жұмыспен қамтылған - барлығы	304 034	316 264	314 532	317 789	326683	333700	100
Жалдамалы жұмыскерлер	271 042	278 387	276 454	278 704	287600	295500	88,6
Өз бетінші жұмыспен қамтылған халық	32 992	37 877	38 078	39 035	39043	50 497	12,3

Оның ішінде 16-24 жастағы							
Жұмыспен қамтылған - барлығы	37 495	46 344	37 258	36 663	36317	36 214	100
Жалдамалы жұмыскерлер	30 880	37 348	32 091	32 314	30934	31 515	87,1
Өз бетінші жұмыспен қамтылған халық	6 615	8 996	5167	4 349	5 383	4 699	12,9
Оның ішінде 25-54 жастағы							
Жұмыспен қамтылған - барлығы	237 587	239529	241571	245 476	226 999	254 892	100
Жалдамалы жұмыскерлер	217 451	214005	213603	216 860	251986	216 195	84,8
Өз бетінші жұмыспен қамтылған халық	20 136	25 524	27 968	28 616	26 050	38 697	15,2
Оның ішінде 55-64 жастағы							
Жұмыспен қамтылған - барлығы	27 813	29 552	34 949	33 200	35 714	41 885	100
Жалдамалы жұмыскерлер	2 1948	26 281	30 055	27 897	29 170	34 875	83,3
Өз бетінші жұмыспен қамтылған халық	4 645	3 244	4 872	5 303	6 544	7 010	16,7
Оның ішінде 65 жас және одан жоғары жастағы							
Жұмыспен қамтылған - барлығы	1139	839	754	2 400	2 666	689	100
Жалдамалы жұмыскерлер	763	753	705	1 633	1 600	598	86,8
Өз бетінші жұмыспен қамтылған халық	376	86	49	767	1 066	91	13,2
Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау мен реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған.							

Бір қызығы, жұмыссыздық деңгейі халықтың біліміне тікелей байланысты. Мәселен, жоғары білімі бар азаматтар арасында жұмыссыздардың үлесі 4,6 %, ал техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар арасында – 3,1% ғана құрайды. Сонымен қатар, білімі төмен адамдар арасында бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары: орташа кәсіби – 5,9%; бастапқы кәсіби – 6,5%. Бұл ретте облыста жұмыссыз әйелдердің деңгейі (4,8%) ерлерге қарағанда айтарлықтай жоғары (4,6%). Көбінесе жұмыссыз азаматты қалада емес (4,4%), ауылда (5,1%) табуға болады (2-кестені қараңыз).

Кесте 2 – 2023 жылғы IV тоқсандағы жұмыссыздық деңгейі және жұмыссыз халықтың білімі, %

	Барлығы	Оның ішінде білімі						
		Жоғары білім	Техникалық және кәсіби білім	орта кәсіби (арнайы) білім	Бастауыш, кәсіби білім	жалпы орта білім	негізгі орта білім	Бастауыш білім
халық,	4,7	4,6	3,1	5,9	6,5	2,4	-	-

барлығы								
Оның ішінде:								
ерлер	4,6	6,2	3,1	4,8	-	2,1	-	-
әйелдер	4,8	3,6	2,9	7,2	11,5	2,6	-	-
Қала халқы, барлығы	4,4	5,1	1,6	5,6	-	-	-	-
Оның ішінде:								
ерлер	4,4	6,9	2,2	4,3	-	-	-	-
әйелдер	4,4	4	0,6	7	-	-	-	-
Қала халқы, барлығы	5,1	3,9	4,9	6,3	6,5	2,8	-	-
Оның ішінде:								
ерлер	4,8	5,1	4,3	5,4	-	2,6	-	-
әйелдер	5,4	3	6	7,4	11,5	3,1	-	-
Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау мен реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған.								

3-кестеден Қазақстан өңірлері, соның ішінде Атырау облысы да бар, жалдамалы қызметкерлердің атаулы және нақты жалақы индексі өткен жылмен салыстырғанда өскенін көруге болады.

Осылайша, 2018-2023 жылдары Атырау облысында адами капиталдың орташа құны өскені туралы айтуға болады. Бұл, ең алдымен, номиналды кірістер деңгейінің, нақты кірістердің өсу қарқынының жоғарылауымен және жас топтары бойынша білімнің іс жүзінде өзгермейтін деңгейінде халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің жоғарылауымен байланысты болды.

Кесте 3 – Қазақстан өңірлері бойынша жалдамалы қызметкерлердің атаулы және нақты жалақы индексі

	Орташа айлық атаулы жалақысы, теңге			Жалақы индексі, өткен жылға пайызбен			
	барлығы	ерлердің	әйелдердің	атаулы			нақты
				барлығы	ерлердің	әйелдердің	
Қазақстан Республикасы	309 867	355 296	265 762	123,8	126,3	120,7	107,6
Абай обл	258 941	280 817	235 171	123,5	125,1	122,1	107,0
Ақмола обл	250 155	265 699	235 065	123,2	125,2	121,2	106,4
Ақтөбе обл	274 401	313 856	232 273	126,1	130,0	120,9	109,7
Алматы обл	261 228	265 212	258 689	118,8	121,1	117,3	104,4
Атырау обл	523 210	631 824	339 818	128,8	128,0	125,4	112,5
Батыс Қазақстан обл	276 191	314 933	239 472	121,9	123,3	119,6	106,4
Жамбыл обл	234 526	236 943	232 542	119,7	121,1	118,6	105,0
Жетісу обл	229 760	225 983	232 907	120,4	121,9	119,1	105,0
Қарағанды обл	283 803	327 772	235 711	123,8	126,2	119,7	107,1
Қостанай обл	250 943	269 771	232 377	124,3	126,9	121,5	108,3
Қызылорда обл	265 738	285 378	248 033	124,9	127,6	122,4	109,2
Маңғыстау обл	459 953	590 581	295 057	131,6	136,1	121,3	112,3
Павлодар обл	273 505	309 324	235 087	124,2	126,1	121,5	108,4

Солтүстік Қазақстан обл	227 021	233 523	221 287	121,1	124,4	118,1	105,5
Түркістан обл	237 189	247 909	229 526	121,4	123,4	120,0	105,2
Ұлытау обл	402 561	489 063	291 106	136,9	137,6	133,8	118,3
Шығыс Қазақстан обл	287 063	320 325	251 750	122,1	123,8	120,2	105,9
Астана қаласы	409 021	454 699	365 084	118,7	118,7	119,0	102,2
Алматы қаласы	354 860	393 959	320 140	119,9	120,8	119,2	104,4
Шымкент қаласы	234 729	244 889	226 190	121,2	123,0	119,7	105,8
Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау мен реформалар агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған							

Қазақстанның және оның өңірлерінің адами капиталының даму деңгейінің жай-күйін талдау және оны дамыған елдермен салыстыру үшін елдер рейтингінің деректерін білім экономикасы индексінің көрсеткіші бойынша бағалау, факторлық талдау жүргізу қажет [10].

Кесте 4 – Білім экономикасы индексі (БЭИ) және әртүрлі елдер үшін оның құрамдас бөліктері

Елдер	БЭИ	Экономиканың институционалдық режимі	Инновациялар	Білім	Ақпараттық инфрақұрылым
Швеция	9,25	8,36	9,67	9,2	9,78
Финляндия	9,2	8,81	9,47	9,43	9,03
Дания	9,16	9,1	8,5	9,2	9,4
Нидерланды	8,69	7,81	9,47	8,43	9,03
Норвегия	7,98	7,1	8,86	6,98	8,96
Қазақстан	4,5	3,02	4,12	7,77	3,11
Ресей	5,69	2,43	7,57	7,52	5,25
Ескерту: [10] әдебиет негізінде авторлар құрастырған					

4-кесте мәліметтерінен, Қазақстанның білім экономикасының индексі дамыған елдердің деңгейінен 1,5-2 есе төмен, бұл көрсеткішке «экономиканың институционалдық режимі» және «ақпараттық инфрақұрылым» көрсеткіштері айтарлықтай теріс әсер етті. Тиісінше, материалдық-техникалық базаны ұлғайту және институционалдық ортаны дамыту ғана білім экономикасының, атап айтқанда Қазақстанның деңгейін айтарлықтай арттыруға көмектеседі.

Қазақстанның инновациялық қызметі жөнінен статистикалық мәліметтер негізінде өңірлердегі адами капитал ерекшелігін ескере отырып экономикалық өсу, ҒЗТКЖ және инновациялық қызмет арасындағы өзара байланыс бағаланып, соның нәтижесінде Қазақстан өңірлері белгіленген әсер шамасы бойынша топтастырылды. Жоғары белгіленген әсері бар бірінші топта Маңғыстау, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы, ал төменгі көрсеткіштер Ақтөбе, Павлодар, Алматы облыстарында байқалды. Қалған алты өңірде теріс белгіленген әсер болған, яғни бұл өңірлерде қолайсыз факторлардың бар екендігін, ЖӨӨ-ді төмен «тартатынын» көрсетеді. ҒЗТКЖ-ға бірдей шығындар жұмсалғанда ЖӨӨ шамасы Алматы облысында Павлодар облысына қарағанда төмен [11].

Жалпы алғанда адами капиталдың жаңа сипатын кеңейтуде еңбек өнімділігін арттыру, өнеркәсіптік және технологиялық инновацияларды енгізу қажет.

Қорытынды.

Жалпы алғанда, адами капиталдың оң өсуінің арқасында экономикалық өсу мүмкін болатыны белгілі болды, бұл өз кезегінде елдің және оның өңірлерінің инновациялық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда өңірлердің өсу қарқынындағы айырмашылық адами капиталдың даму деңгейі әртүрлі дамыған өңірлердегі айырмашылықтармен түсіндіріледі. Елдегі өңірлер арасындағы өсу қарқынының айырмашылығы өңірдің өнімділік деңгейінің жоғарылауына байланысты, жұмыспен қамтылған халықтың үлесінің жоғарылауына байланысты өнімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізеді.

Бүгінгі таңда адами капиталдың жаңа қасиеттерін кеңейту үшін еңбек өнімділігін арттыруды қажет ететін өңірлер бизнестің мүдделі тараптары да, саясаткерлер де қолдайтын өнеркәсіптік және технологиялық инновацияларды енгізуі керек. Біздің қазіргі қоғамдағы экономикалық өсу оның көбею процесінің барлық кезеңдерінде кең таралған және жан-жақты инновацияларға байланысты екенін атап өтуге болады.

Ғылыми еңбектерге шолу жасау арқылы, адами капиталдың дамуына экономикалық және әлеуметтік факторлар әсер ететіндігі анықталды, соның ішінде адами капиталдың дамуына әсер ететін басты әлеуметтік факторлардың бірі – білім, атаулы және нақты жалақыға тоқталдық. Білім мемлекет үшін үлкен маңызы бар, себебі ол адами капиталды дамытудың және елдің экономикалық өсуінің негізі болып табылады.

Сонымен, экономикалық өсудің, барлық жаңа идеялардың қозғаушы күші және тұтынушысы – адами капитал, ол сонымен бірге заманауи білімі бар (оны өмір бойы үнемі жаңартып, толықтырып отыру керек), жоғары білікті, нақты өмірлік тәжірибесі бар қызметкер.

Қаржыландыру:

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалған (грант № BR21882382).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Булина А.О., Мозговая К.А., Пахнин М.А. Человеческий капитал в теории экономического роста: классические модели и новые подходы. Вестник Санкт – Петербургского университета. Экономика. — №2(36). — 2020. — С. 163-188
- 2 Rahim S., Murshed M., Umarbeyli S., Kirikkaleli D., Ahmad M., Tufail M., Wahab S. (2021) Do natural resources abundance and human capital development promote economic growth? A study on the resource curse hypothesis in Eleven countries. Resources, Environment and Sustainability. Vol. 4. P.1-8
- 3 Ahmed Z., Wasif Zafar M., Ali S., Danish (2020) Linking urbanization human capital, and the ecological footprint in G7 countries: An empirical analysis. Sustainable Cities and Society. Available at: — URL: <https://sci-hub.st/10.1016/j.scs.2020.102064> (accessed: 20.01.2024)
- 4 Tran O., Le T.D., Phan Thi Hang N., Huynh The N. (2023) Impacts of human capital, the fourth industrial revolution, and institutional quality on unemployment: An empirical study at Asian countries. Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR). Vol.10(2). P. 238-250
- 5 Кошанов А.К., Чуланова З.К. Некоторые подходы к оценке состояния человеческого капитала (на примере Казахстана). Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика. — № 4. — 2021. — С.49-72
- 6 Кибеева Ә.Б., Түсіпбаева Л.А., Омарова А.И., Мусаева А.А. Цифрландыру жағдайындағы адам капиталының даму факторлары. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің Жаршысы. — № 4(53). — 2023. — Б. 51-57
- 7 Gruzina Y., Firsova I., Strielkowski W. (2021) Dynamics of Human Capital Development in Economic Development Cycles. Economies. Vol. 9(2). 67 p.
- 8 Какижанова Т., Андабаева Г. Адами капитал цифрлық экономиканың қарқынды даму факторы ретінде. Атырау университеті Хабаршысы. — №71(4). — 2023. — Б. 86-96
- 9 Атырау облысының жұмыспен қамтылуы. Статистикалық жинақ қазақ және орыс тілдерінде. — 2023. — 103 б.
- 10 Гимранова Р.Р., Аймағамбетов Е.Б. Человеческий капитал как важный ориентир развития экономики Казахстана. Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия Экономика. — №2. — 2019. — С.26-32

11 Спанкулова Л.С., Чуланова З.К., Ибраимова С.Ж. Влияние инновационной активности, человеческого капитала, перетока знаний на экономический рост регионов. Экономика: стратегия и практика. — №4(14). — 2019. — С.53-66

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация.

Образование, профессиональная компетентность, социально-экономическое развитие являются прямыми составляющими человеческого капитала, в свою очередь уровень человеческого капитала составляет ценность компании и всего государства. Развитие человеческого капитала актуально в условиях инновационной экономики, поскольку образование позволяет осуществлять инновации непрерывно.

В данной статье рассмотрены влияние уровня развития человеческого капитала на занятость и доходы в условиях экономического роста Атырауской области, расположенной на западе Казахстана, и определены их взаимосвязи. Определена значимость образованной экономики в инновационном развитии страны и ее регионов, повышении ее конкурентоспособности.

Основной целью статьи является рассмотрение факторов, влияющих на развитие человеческого капитала в регионе, определение взаимосвязи между человеческим фактором и экономическим ростом в регионе.

В научной статье сначала рассматривается теория человеческого капитала и обсуждается, почему накопление человеческого капитала может иметь решающее значение для экономического роста. Затем рассматриваются факторы, влияющие на формирование человеческого капитала.

Даны рекомендации по соответствующим мерам по стимулированию экономического роста, сопровождающимся структурными реформами, направленными на развитие человеческого капитала для достижения устойчивого и долгосрочного экономического роста.

Ключевые слова: человеческий капитал, занятость, заработная плата, рабочая сила, образование, Атырауская область, экономический рост.

FACTORS INFLUENCING THE DEVELOPMENT OF HUMAN CAPITAL IN ATYRAU REGION

Abstract.

Education, professional competence, socio-economic development are direct components of human capital, in turn, the level of human capital is the value of the company and the entire state. The development of human capital is relevant in an innovative economy, since education allows for continuous innovation.

This article examines the impact of the level of human capital development, employment and income in the context of economic growth in the Atyrau region, located in the west of Kazakhstan, and identifies their interrelationships. The importance of the educated economy in the innovative development of the country and its regions, increasing its competitiveness is determined.

The main purpose of the article is to consider the factors influencing the development of human capital in the region, to determine the relationship between the human factor and economic growth in the region.

The scientific article first examines the theory of human capital and discusses why the accumulation of human capital can be crucial for economic growth. Then the factors influencing the formation of human capital are considered.

Recommendations are given on appropriate measures to stimulate economic growth, accompanied by structural reforms aimed at developing human capital to achieve sustainable and long-term economic growth.

Key words: human capital, employment, wages, labor force, education, Atyrau region, economic growth.

REFERENCES

- 1 Bulina A.O., Mozgovaya K.A., Pakhnin M.A. (2020) Chelovecheskii kapital v teorii ekonomicheskogo rosta: klassicheskie modeli i novye podkhody [*Human capital in the theory of economic growth: classical models and new approaches*]. Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Ekonomika. №2(36). P.163-188 [in Russian]
- 2 Rahim S., Murshed M., Umarbeyli S., Kirikkaleli D., Ahmad M., Tufail M., Wahab S. (2021) Do natural resources abundance and human capital development promote economic growth? A study on the resource curse hypothesis in Eleven countries. Resources, Environvent and Sustainability. Vol. 4. P.1-8 [in English]

3 Ahmed Z., Wasif Zafar M., Ali S., Danish (2020) Linking urbanization human capital, and the ecological footprint in G7 countries: An empirical analysis. Sustainable Cities and Society. Vol.55.102064 Available at: — URL: <https://sci-hub.st/10.1016/j.scs.2020.102064> [in English]. (accessed: 20.01.2024)

4 Tran O., Le T.D., Phan Thi Hang N., Huynh The N. (2023) Impacts of human capital, the fourth industrial revolution, and institutional quality on unemployment: An empirical study at Asian countries. Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR). №10(2). P. 238-250 [in English]

5 Koshanov A.K., Chulanova Z.K. (2021) Nekotorye podkhody k otsenke sostoyaniya chelovecheskogo kapitala (na primere Kazakhstana) [Some approaches to assessing the state of human capital (on the example of Kazakhstan)]. Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 6. Ekonomika. №4. P. 49-72 [in Russian]

6 Kibaeva Ä.B., Tusipova L.A., Omarova A.İ., Musaeva A.A. (2023) Sifrlandyru jaǵdaiyndaǵy adam kapitalynyń damu faktorlary [Factors of human capital development in the context of digitalization]. Qazaq ekonomika. Qarjy jáne halyqaralyq sauda universitetiniń Jarǵysy. №4(53). P.51-57 [in Kazakh]

7 Gruzina Y., Firsova I., Strielkowski W. (2021) Dynamics of Human Capital Development in Economic Development Cycles. Economies. №9(2). 67 p. [in English]

8 Kakijanova T., Andabaeva G. (2023) Adami kapital sifrlıyq ekonomikanyń qarqyndy damu faktory retinde [Human capital as a factor of intensive development of the digital economy]. Atyrau universitetiniń Habarǵysy. №71(4). P. 86-96 [In Kazakh]

9 Atyrau oblysynyń jumyspen qamtylyu. Statistikalıyq jinaq qazaq jáne orys tilderinde (2023) [Employment of Atyrau region. Statistical collection in kazakh and russian languages]. 103 p. [in Kazakh]

10 Gimranova R.R., Aimagambetov E.B. (2019) Chelovecheskii kapital kak vazhnyi orientir razvitiya ekonomiki Kazakhstana [Human capital as an important benchmark for the development of the economy of Kazakhstan.] Vestnik ENU imeni L.N. Gumileva. Seriya Ekonomika. №2. P.26-32 [in Russian]

11 Spankulova L.S., Chulanova Z.K., Ibraimova S.Zh. (2019) Vliyanie innovatsionnoi aktivnosti, chelovecheskogo kapitala, peretoka znaniı na ekonomicheskii rost regionov [The impact of innovation activity, human capital, and the flow of knowledge on the economic growth of regions] Ekonomika: strategii i praktika. №4(14). P.53-66 [in Russian]

Information about author:

Rysty Sabirova – **corresponding author**, candidate of economics sciences, professor of Department of “Economics”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Kansulu Utepkaliyeva – candidate of economics sciences, associate professor of Department of “Economics”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: k.utepkaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5230-0318>

Zhanargul Suleimenova – candidate of economics sciences, associate professor of Department of “Economics”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhanarsy@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5623-5609>

Ainur Tazhidenova – master of Management, Senior Lecturer of the Department of “Economics”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: a.tazhidenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>

Информация об авторах:

Рысты Сабирова – **основной автор**, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Кансулу Утепкалиева – кандидат экономических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: k.utepkaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5230-0318>

Жанаргуль Сулейменова – кандидат экономических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: zhanarsy@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5623-5609>

Айнур Тажиденова – магистр менеджмента, старший преподаватель кафедры «Экономика», Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: a.tazhidenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>

Авторлар туралы ақпарат:

Рысты Сабирова – **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: r.sabirova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>

Қансұлу Өтепқалиева – экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: k.utepkaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5230-0318>

Жанаргүл Сулейменова – экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhanarsy@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5623-5609>

Айнұр Тажиденова – менеджмент магистрі, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.tazhidenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1281-7240>